

Суды есептеу приборы орнатылмаған тұтынушылар үшін суық судың шығын нормасын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімшілігінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 5/755 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2004 жылғы 13 қаңтарда N 578 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 3/596 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2012.07.05 № 3/596 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Агенттігі Төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 30 шілдедегі N 185-ОД Бұйрығымен бекітілген Табиғи монополияларды субъектілерінде қызметтер көрсетерде (тауарлар, жұмыстар) тарифтерді бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың айрықша тәртібі туралы Ережесін , сондай-ақ 4.01-02-2001 "Сумен жабдықтау. Сыртқы желілер және ғимарат" (ҚР СМЖЕ) мемлекеттік құрылыс нормаларын және ережелерін басшылыққа алып, Алматы қаласының суды есептеу құралдары жоқ суды тұтынушылардың суық су шығындарын ретке келтіру мақсатында, Алматы қаласының әкімшілігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап шаруашылық-ауыз су қажеттілігіне тәулігіне бір тұтынушыға қосымшаға сәйкес суық судың шығын нормасын жүзеге асыру енгізілсін және бекітілсін.

2. Алматы қаласы әкімінің 1998 жылғы 23 маусымдағы "Алматы қаласы тұрғындары суық су шығындарының уақытша нормасын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Я.И.Заяцқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

В.Храпунов

Әкімшілік хатшысы

К.Тажиева

2003 Алматы қаласы әкімшілігінің
N жылғы "22" желтоқсандағы
N 5 / 7 5 5 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Тұрғындардың шаруашылық-ауыз су қажеттілігіне суық су шығындарының МӨЛШЕРІ

Реті	Т ұ т ы н у ш ы л а р д ы аталуы	өлшегіш	Суық су шығ. мөлшері, тәулігіне литр
1	2	3	4
1.	Көшедегі су колонкаларынан суды бөлу	1 тұрғынға тәулігіне	25
2.	Су құбыры және канализациясы бар тұрғын үйлер, ваннасыз	"	100
3.	Су құбыры және канализациясы, газы бар тұрғын үйлер, ваннасыз	"	125
4.	Су құбыры және канализациясы, су жылытатын ванналары бар, қатты отынмен жұмыс істейтін тұрғын үйлер	"	150
5.	Су құбыры және канализациясы, орталықтандырылған ыстық суы бар, қолжуғыштармен, ыдыс жуғыштармен, душтармен жабдықталған тұрғын үйлер	"	160
6.	Су құбыры және канализациясы, ванналары, газ арқылы су жылытқыштары бар тұрғын үйлер	"	200
7.	Су құбыры және канализациясы, орталықтандырылған ыстық суы, отыратын ванналары бар, душтармен жабдықталған тұрғын үйлер	"	195
8.	Су құбыры және канализациясы, орталықтандырылған ыстық суы бар, ванналармен жабдықталған тұрғын үйлер	"	280
9.	Жылы жайларды суғару	ш.м.	6
10.	Бакшаларды суғару	Ж ы л ы н а м ³ 1 сотық	60
11.	Бактарды суғару	Ж ы л ы н а м ³ 1 сотық	36

1. Есептеу приборының көрсетулері бойынша ақы төлеу ол орнатылған күннен бастап жүзеге асырылады.

2. Жеке сектор тұрғындарының пайдаланылуындағы суық су шығындарының мөлшерлері П-31-74 СМЖЕ бойынша қабылдансын.

Әкімшілік хатшысы

К.Тажиева